



## Алтын мен нан

by Токтар Карасаев



Баяғы заманда, ауылда бай мен кедей көрші тұрыпты. Байдың үйі алтын-күміске толы, үлкен әрі әдемі болған. Кедейдің үйі шағын, қарапайым еді, ол егін егіп, содан күн көріпті.



Көктемде алапат су тасқыны болды. Бай алтынын алып, ағаш басына шығып кетті. Ал кедей Бейімбет қойнына бір үзім нан салып, ағашқа тығылды.



Су тасқыны он бес күнге созылды.  
Байдың қарны ашып, кедейден нан сұрады.  
Алтынның бір бөлігін ұсынды, бірақ  
Бейімбет қарсы болды.



Екінші күні бай алтынының жартысын ұсынды, бірақ Бейімбет нан бере алмады. Аштан әбден әлсіреген бай тағы да жалбарынды.



Соңында бай барлық алтынын бір үзім нанға айырбастауға ұсыныс жасады. Бейімбет ешнәрсе бермеді. Бай суға құлап кетті.



Күндер өтті, су қайтты. Бейімбет ағаштан түсті. Халықтың: «Алтын, күміс - тас екен, арпа, бидай – ас екен» деген сөзі осы оқиғадан қалған екен.